

## Успен ауылдық округінің аумағында қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Успен ауданы Успен ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 10 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 қарашада № 6618 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 19-бабының 1-1) тармақшасына, 69-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Успен ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімінің қосымшасына сәйкес Успен ауданы Успен ауылдық округінің аумағында жер пайдаланушылардан жер учаскелері алынбай қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Успен ауылдық округінің әкімі

Д. Аспанов

Успен ауданы Успен ауылдық  
округінің әкімінің  
2019 жылғы "15" қарашадағы  
№ 10 шешіміне  
қосымша

Р/с №	Пайдаланушы	Алаңы , гектар	Ұзындығы , метр	Нысаналы мақсаты	Пайдалану мерзімі ( жыл)	Жер телімінің орналасқан жері
1	"Қазақтелеком" акционерлік қоғам	0,0002	9,2	Байланыс желілерін пайдалану және қызмет көрсету үшін	10	Успен ауылы, 10 лет Независимости көшесі , 2
2	"Қазақтелеком" акционерлік қоғам	0,0005	63	Байланыс желілерін пайдалану және қызмет көрсету үшін	10	Успен ауылы, Милевский көшесі, 120